

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Нұрсәуле Тілдабаева

DOSTAR

1-кітап

Айжұлдызбен кездесу

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 087.5

КБЖ 83.5

Ж 26

Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.

Ж 26 DOSTAR. 1-кітап. Балаларға арналған әңгімелер. / Мұхтарбекқызы Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле: - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 36 б.

ISBN 978-601-7595-15-9 жалпы

ISBN 978-601-7595-16-6 (1-кітап)

Адал достық – адамдықтың негізі. Кітаптың бас кейіпкері Димаш тылсым күшке ие тұлпармен достасады. Екеуінің қарым-қатынасы шынайы достыққа айналады. Алайда Димашқа қалаға көшуге тура келеді. Осылайша, жаңа ортада Гена, Адина мен Тимур секілді балалармен достасып, шытырман оқиғаларды бастан кешіреді. Димаштың қалалық өмірінде де Айжұлдыз оны жалғыз қалдырған жоқ. Қиналған сәттерінде ізгілікке үндеп, жол табуға көмегін тигізеді.

Бұл – жай ғана әңгімелер жинағы емес, әмбебап тәрбие құралы болып табылады. Кітап сериясы – шынайы достықтың оқиғасы. Ересектер мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты жаңа қырынан суреттейтін әңгімелер баланың да, үлкеннің де жүрегінен орын алары сөзсіз.

ӘӨЖ 087.5

КБЖ 83.5

ISBN 978-601-7595-15-9 (жалпы)

ISBN 978-601-7595-16-6 (1-кітап)

©Астана-кітап, 2021

Мазмұны

1-тарау. Сыйлық.....	5
Атамның ертегісі.....	6
Тосын сый.....	8
Байғазы.....	10
2-тарау. Сабақты не үшін оқимыз?.....	11
Айжұлдызбен сырласу.....	14
Әжемнің ақылы.....	16
Арман керек адамға!.....	18
3-тарау. Қалаға бармаймын!.....	21
Димашжан, қайдасың?.....	24
Әкемнің құпиясы.....	26
Тоқымқағар.....	28
Қоштасу.....	30
Атамның батасы.....	32
Тапсырмалар.....	34



Құрметті оқырман!

Димаш ауылда ата-әжесінің қолында өскен бала. Атасы Димаштың туған күніне орай тай сыйлайды. Димаш өзіне адал дос таптым дегенде, қалаға көшуге мәжбүр болады. Енді Димаш Айжұлдыздан жырақтап қалмақ...

Бұл кітапты оқыған әр бала шынайы достық, мейірімділік, ынтымақ пен үлкенге құрмет көрсетуді үйренеді. Баланың тәрбиесіне әсер ететін төл дәстүрлерімізді жақыннан таниды.

Қарапайым тілмен жазылған шағын әңгімелер баланың оқуын жеңілдетіп, өздігінше ой қорытуына жағдай жасайды. Димаш және оның достарымен бірге ғаламның сен білмеген сырларын ашуға шақырамыз!

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”
баспасының авторлар
ұжымы

СЫЙЛЫҚ





Атамның ертегісі

Ауыл. Кеш батып, Димаш атасының жанына келді.

— Ата, бүгін қандай ертегі айтасыз? — деп еркеледі. Атасы сәл ойланып, ертегісін бастады:

— Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде. Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген бай болыпты. Төрт түлігі сай болыпты. Байбөрі бір балаға зар болған екен. 90 күн әулиені аралап жүріп, Шашты Әзіз әулие түсіне кіріпті. Әулие Байбөріге Алпамыс деген ұлың, Қарлығаш деген қызың болады деп аян беріпті. Көп ұзамай Алпамыс дүниеге келеді. Алпамыс атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін батыр болып өседі. Қарындасы Қарлығаш, беліне түскен сүмбіл шаш, Айдай сұлу болыпты.

Алпамыс онға келгенде алыс жолға жиналды. Саймандарын сайланып, алтыннан кемер байланып, жылқыға қарай жөнелді. Бірақ Алпамыс бірде-бір атты ұстай алмады. Сол кезде жал-құйрықтан дымы жоқ, Байшұбар дейтін шұбар жылқы алдынан шығады. Алпамысқа жақындап, “мені жүгенде” деп басын бұрады. Алпамыс оны менсінбей, құйрықтан алып лақтырды. Шұбар ат жығылмай, жерге төрт аяғымен